

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 301-302.

ӘОЖ 332.334

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ: ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАР

*Есжанова Т.С., магистр ғылымы, аға оқытушы
Капетова А.С., магистр ғылымы, аға оқытушы
С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде 9 орын алады. Бұл ұлаң байтақ жерлердің көбісі – далалық жерлер қамтиды. Далалық жерлердің өзі бірнеше түрге бөлінеді, олардың бірі ауыл шаруашылық жер. Ауыл шаруашылық жерлерінің көлемі қазіргі таңда, шамамен, 113 961,4 мың га жерді қамтиды. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы қоршаған ортаға әсер ететін мықты факторлардың бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығының дамуы негізі жер қорымен байланысты. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығындағы табиғатты пайдалану барысында экологиялық проблемалардың қатары көбеюде, көбінесе олар техногенді сипатта болуда. Ауыл шаруашылығының экологиялық мәселелеріне мыналар жатады: топырақтың химиямен ластануы, топырақ эрозиясы, дефляция және т.б. факторлар [1].

Жерді тиімді пайдалануда, эрозия факторын шешу керек. Өйткені оның топыраққа деген әсері тікелей болады және оны тиімді қолдануға кедергі жасайды. Эрозияға ұшыраған топырақтың құнарлылығы тез төмендейді. Сондықтан эрозияға ұшыраған жерлердің ауылшаруашылық өнімдеріде азаяды. Бұл кері факторлар біздің елде ғана емес, әлемнің басқада елдерінде орын алуда. Адамның өндірістік қызметінің кері салдарларымен күрес әр елде әртүрлі әдістермен жүргізіледі. Ауылшаруашылық алқаптардан пайда табамыз деп одан шыққан өнімдердің табыстылығын ойлайды. Алайда ауылшаруашылық кешенінде бұл критерийді басты орынға қоюға болмайды. Себебі, жерге әсер ететін табиғи факторлар өте көп. Бұл пайда қысқа мерзімді болуы мүмкін, ал келесі жылдарда топырақ құнарлылығы кенет түсіп, эрозияға ұшырай бастайды. Топырақ, құнарлылығы қалпына келуі қиын ресурстарға жатады. Табиғи ресурс ретінде жердің өздігінен молаю және өздігінен реттеу қасиеті болғанымен, бұл өте ұзақ процесс. Топырақты жасанды түрмен құнарландыруға болғанымен, ондай әдіс табиғи балансты бұзуы мүмкін. Бұл мәселені ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық – әлеуметтік, экономикалық, экологиялық нәтижелерін ескеретін, ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдаланудың жүйелік тәсілі арқылы ғана

жақсартуға болады. Егін шаруашылығы процесінің әр сатысында топырақтың өсімдіктермен және қоршаған ортамен өзара әрекеттерін, табиғаттағы энергияның ауыспалы айналым заңдарын ескеру қажет.

Тиімділік – бұл шығындар мен қызмет нәтижелерінің ара қатынасы. Тиімділік – өндірістік мақсаттарға аз шығын шығара отырып қол жеткізуден тұрады. Сонда ауыл шаруашылығын жерлерін пайдалану ол ауыл шаруашылық алынатын жиынтық нәтижелердің осы жұмысқа тартылған ресурстардың жиынтық шығынына арақатынасы. Жерді тиімді пайдалану барысында жер тозып қана қоймайды, ол үнемі жақсартылып отырады. Тиімді жер пайдалану жүйесі қоршаған ортаның ластануын біршама азайтуға көмектеседі [2].

Ауылшаруашылығы өндірісіне тартылатын ресурстар, бұл өндіріс факторлары: жер, капитал, еңбек.

Тиімді жер пайдалану тұжырымдамасы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық үш құраушы кешендерден құралады. Олардың өзара әрекеттесуі келесідей:

1. Экономикалық құраушы - институционалдық негіздер, немесе жер пайдаланушылардың тиімді шаруашылық жүргізуіне қажетті ішкі және сыртқы жағдайлар құру. Оның ішінде аграрлық салада жер және соған байланысты ресурстарды пайдаланатын өндірушілердің құқығын бекітетін және оларды қорғауды қамтамасыз ететін заңнамалық негіздерін құру керек [3].

2. Экологиялық құраушы - әр берілген жер аумағының аумақтық, агроландшафттық, табиғи-климаттық, тарихи-географиялық және басқа да ерекшеліктерін, пайдаланылған жер мен басқа да табиғи ресурстардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ете отырып, өндірістің максималды тиімділігіне қол жеткізуге қажетті ұтымды үйлесім мен өлшемдерде пайдалану;

3. Әлеуметтік құраушы - ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсарту және табыс деңгейін арттыру, жұмыс орындарын сақтау және жаңаларын құру, тікелей ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің еңбегін ынталандыру.

Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуында жер кодексі арқылы мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың басты қағидалары - жерді тиімді және экономикалық тұрғыдан дұрыс пайдалану, экономиканы басқаратын жерге орналастыру және жер ресурстары арқылы, механизмдерді жетілдіру арқылы жер заңнамасының орындалуын басқару, жер ресурстарын тиісінше пайдалануды және сақтауды қамтамасыз ету.

Қазақстанның әлемдік бәсекелестікке қабілетті болуы, әлем экономикасында белсенді түрде жұмыс атқаруы халықтың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін дұрыс ұйымдастыруға өз әсерін береді. Ауыл шаруашылық жерлерін дұрыс пайдаланудың тиімділігін арттыру, экономикалық әлеует және халықтың өмірін дұрыс ұйымдастыруға тығыз байланысты. Осы үш фактор топырақты тиімді қолдану мәселесіне өз пайдасын тигізеді. Бұл әдістер топырақ кемшіліктерін жаба қоймай, жылдық

жиынтық өнімдердің өсуіне септігі тиеді. Дегенмен барлық факторларды шешуге болады [4]. Осы мақалада ұсынылған тұжырымдама бойынша жерді тиімді пайдалану мүмкіндігін қолданып, біраз нәтижеге жетуге болады деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ә.С. Бейсенова. Қазақстанның физикалық географиясы [Текст] : Оқулық / Ә.С.Бейсенова.–Алматы: 2014. – 540 б. ISBN 978-601-217-469-4
- 2 Saparov A.S. State and rational use of soil and land resources of the republic of Kazakhstan [Текст]/ Почвоведение и агрохимия. 2019. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/state-and-rational-use-of-soil-and-land-resources-of-the-republic-of-kazakhstan> (дата обращения: 27.02.2023).
- 3 Камелхан Г., Джуламанов Т.Д. Экономика–экологическая оценка сельскохозяйственных земель [Текст] / «ИЗВЕСТИЯ» Национальной Академии Наук РК. Серия аграрных наук». - 2015. - No5(29). – С. 68-72.
- 4 Nándor Csikós, Gergely Tóth. Concepts of agricultural marginal lands and their utilisation: A review [Text] / Agricultural Systems, - 2023. - №204. 103560. <https://doi.org/10.1016/j.agsy.2022.103560>